

**Маңғыстау облысында өткізілген  
«Біз - Қазақстанның тәлімгерлеріміз» тақырыбындағы тәлімгер  
шеберлігінің Облыстық форумы**

Маңғыстау облысының білім басқармасының 27.03.2015 жылғы №95 бұйрығына сәйкес 2015 жылғы мамыр айында Ақтау қаласы №11 мамандандырылған физика-математика мектебінің ғимаратында «Біз - Қазақстанның тәлімгерлеріміз» тақырыбында тәлімгер шеберлігінің Облыстық форумы өткізілді. Форум балалар мен жасөспірімдердің жазғы демалысын ұйымдастырушылардың арасындағы ең шығармашыл, кәсіби тәлімгерлерді анықтау және оларды ынталандыру мақсатында ұйымдастырылды.

**Форум төмендегі сайыстар бойынша өткізілді:**

«Біз - балалық шақтың капитандарымыз!» атты таныстыру байқауы;  
«Жаңа ғасырдағы – жаңа лагерь» тақырыбындағы педагогикалық жоба байқауы;

«Педагогикалық жағдайларды шешу» байқауы.

**Жеке «Аниматорлар» сайысы бойынша:**

«Мен - балалық шақтың капитанымын!» атты таныстыру байқауы;  
«Үздік іс-шара сценарийі» байқауы;  
«Залмен ойын ойнау» байқауы.

Қазылар алқасы топтық сайыс бойынша «Жаңа ғасырдағы – жаңа лагерь» тақырыбындағы педагогикалық жоба байқауында Қарақия ауданы №8 орта мектебінің «Алақай» командасы мен Бейнеу ауданының «Тұмар» құрама командасының жұмыстарын жаңашылдығымен ерекшелеп, «үздік» деп таныды.

Сонымен қатар, «Педагогикалық жағдайларды шешу» байқауында Мұнайлы ауданы №6 орта мектебінің «Балдәурен» командасы мен Маңғыстау ауданының «Шамшырақ» құрама командаларының мүшелері берілген жағдайды сахнада ойнау арқылы өздерінің әртістік шеберліктерін көрсете білді.

Жеке «Аниматорлар» сайысында «Мен – балалық шақтың капитанымын!» таныстыру байқауында А. Ағатаева мен А. Жанзақованың және «Залмен ойын ойнау» байқауында Ф. Ондабаева, Б. Шеркешбаева, Р. Кемелханның жұмыстары «үздік» деп танылды.

Нәтижесінде қатысушылар білім басқармасының арнайы дипломдарымен, бағалы сыйлықтарымен марапатталды.

**Топтық сайыстар бойынша:**

I орын – Қарақия ауданы №8 орта мектебінің «Алақай» командасы;  
II орын – Бейнеу ауданы «Тұмар» құрама командасы;  
III орын – Мұнайлы ауданы №6 орта мектебінің «Балдәурен» командасы.

Көрсеткен жеке жетістіктері үшін: Ақтау қаласы «Ұлағат» құрама командасы мен Маңғыстау ауданы «Шамшырақ» құрама командасы.

**Жеке «Аниматорлар» сайысы бойынша:**

I орын – Ондабаева Фэтима Мұнайлы ауданы, № 6 орта мектебінің өзін-өзі тану пәні мұғалімі;

II орын – Кемелхан Роза, Ақтау қаласы, «Оқушы» орталығының қосымша білім педагогі;

III орын – Ағатаева Айнұр, Қарақия ауданы, № 8 орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Көрсеткен жеке жетістігі үшін:

Жанзақова Ажар, Маңғыстау ауданы, Ұштаған орта мектебінің тәлімгері.

### Маңғыстау облыстық оқу-әдістемелік және қосымша білім беру орталығы, тәрбие бөлімінің әдіскері Ж. Аманжолова



### Облыстық «Біз - Қазақстанның тәлімгерлеріміз» форумына қатысушы командалар





